



**Автор:** АЙТКУЛОВА ГУЛЬНУР БАЗАРБЕКОВНА

**Пән:** Сауат ашу

**Сынып:** 1-сынып

**Бөлім:** Менің отбасым және достарым

**Тақырып:** К дыбысы мен әрпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1. Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Жаңа білімді меңгереді. Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады
Күтілетін нәтиже:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алды
Бағалау критерийлері:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба, таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	Музыка сабағы, көркем еңбек, дене шынықтыру
Бастапқы білім:	қайталау

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин)	Біз балдырған баламыз , Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз.	
Сабақтың ортасы (15 мин)	2-тапсырма: «Елдостың тапсырмасы» №1 Өлеңді тыңда. Аудио жазбаны тыңдау Ата ақылы. Кім үлкенді тыңдаса, Кім үлкенді сыйласа, Үлкен болған кезінде Сыйлы болмақ өзі де. С.Мәуленов Бұл өлеңнің авторы С. Мәуленов туралы айту 3-тапсырма: «Аяжанның тапсырмасы» «Галереяға саяхат» ТЖ-әр топқа сурет беру сол суреттердің қарама-қарсы сөздерін тауып алу. (мысалы:кіші-?, ыстық-?,ескі-?)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 мин)	<p>4-тапсырма: «Мая апайдың тапсырмасы» №3 Еркіннің хатын тыңдап, сұрағына жауап іздеңдер. ЖЖ: Жеке тапсырмаларды орындау 5-тапсырма: «Білімпаз атаның тапсырмасы» (Баннерден жасалған кілемшеге асықты лақтырып, асық қай суретке түссе сол суреттің астындағы сұрақтарға жауап береді.) №4 Суретте бейнеленген заттардың әрқайсысын ата. Бұлардағы ортақ нәрсе не? 1-топ:( асық осы суретке түссе) Берілген суретке қарап кеспе әріптермен жазу 2-топ:( асық осы суретке түссе) Ән айту 3-топ:( асық осы суретке түссе) QR кодтың жазылып тұрған сөзін оқу және суретін салу (ұялы телефонның көмегімен QR-кодының астында жасырынып тұрған сөзді оқу, буынға бөлу)</p>	
Рефлексия (5 мин)	<p>Рефлексия «Ұшақ ұшыру» (Әртүрлі түстегі ұшақтардың ішінде жапсырылған сөздерді оқып, бүгінгі өткен тақырыптар бойынша оқушылар сабақты қорытындылайды)</p>	